

**"Алдын ала шешімді қабылдау ережелері мен нысандарын бекіту туралы"**  
**Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2003 жылғы 15 мамырдағы N 210 және "Кеден органының тауарды жіктеу жөніндегі шешімін қабылдау ережесін және оның нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің төрағасы міндетін атқарушының 2005 жылғы 29 қыркүйектегі N 385 бұйрықтарына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2007 жылғы 27 желтоқсандағы N 486 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2008 жылғы 1 ақпандағы Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5121 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 21 қыркүйектегі № 474 Бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2010.09.21 № 474 Бұйрығымен.**

Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы тасымалданатын тауарларға қатысты алдын-ала және жіктеу шешімдерін қабылдау тәртібін реттеу мақсатында,

### **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Алдын ала шешімді қабылдау ережелері мен нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2003 жылғы 15 мамырдағы N 210 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2295 болып тіркелген, 2003 жылғы 26 шілдедегі N 30 (135) "Ресми газетте" жарияланған, "Алдын ала шешімді қабылдау ережелері мен нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2003 жылғы 15 мамырдағы N 210 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2003 жылғы 24 желтоқсандағы N 579 бұйрығымен, (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2693 болып тіркелген, 2004 жылғы 15 мамырдағы N 20 (177) "Ресми газетте" жарияланған) және "Алдын ала шешімді қабылдау ережелері мен нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2003 жылғы 15 мамырдағы N 210 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитеті төрағасының 2006 жылғы 30 наурыздағы N 125 бұйрығымен, (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4183 болып тіркелген, 2006 жылғы 28 сәуірдегі N 76-77 (1056-1057)

"Заң газетінде" жарияланған) өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) бұйрығына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

4-тармақтағы "Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігі төрағасының орынбасары С.Д. Мультикинге" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитеті" деген сөздермен ауыстырылсын;

Аталған бұйрықпен бекітілген Алдын ала шешімді қабылдау ережелері мен  
н ы с а н д а р ы н д а :

1 - т а р м а қ т а :

2)-тармақша алынып тасталсын;

3)-тармақшадағы "әдістемесін пайдалану" деген сөздер алынып тасталсын;

2-тармақтағы "кеден ісі мәселелері жөніндегі" деген сөздер алынып тасталсын;

5-1 тармақ алынып тасталсын;

9 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацтағы "кеден құнының әдістемесі, шығу елінің әдістемесі" деген сөздер "шығу елін айқындау" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Алдын ала шешім белгіленген нысандағы бланкте ресімделеді (2-қосымша) және оған кеден органының басшысы не осы бағытты басқаратын оның  
о р ы н б а с а р ы қ о л қ о я д ы .

Алдын ала шешім бланктері қатаң есептілік бланктері болып табылады, олардың баспаханалық әдіспен жасалған реттік нөмірлері бар.

Алдын ала шешімнің бірінші данасы кеден органының таңбалық мөрімен расталады және ілеспе хатпен бірге өтініш берушінің мекен-жайына жіберіледі, немесе жүк кеден декларациясымен бірге одан әрі ұсыну үшін өтініш берушінің қолына беріледі, екінші дана (ілеспе хаттың екінші данасымен бірге) оны берген кеден органында сақталады. Кеден органы қабылдаған алдын ала шешімнің көшірмесі уәкілетті органға жіберіледі".

бесінші абзац алынып тасталсын;

1 6 - т а р м а қ т а :

"тауардың кеден құнын және шығу елін айқындау әдістемесі" деген сөздер "тауардың шығу елін айқындау" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Кеден ісі мәселелері жөніндегі" деген сөздер алынып тасталсын;

1-қосымшадағы "кеден құнын айқындау жөніндегі" деген сөздер алынып тасталсын.

4-қосымшасы алынып тасталсын.

2. "Кеден органының тауарды жіктеу жөніндегі шешімін қабылдау ережесін және оның нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі

Кедендік бақылау комитетінің төрағасы міндетін атқарушының 2005 жылғы 29 қыркүйектегі N 385 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3892 болып тіркелген, 2005 жылғы 21 желтоқсандағы N 237-238 (971-972) "Заң газетінде" жарияланған) "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің кейбір бұйрықтарына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитеті төрағасының 2006 жылғы 12 шілдедегі N 240 бұйрығымен енгізілген өзгеріспен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4318 болып тіркелген, 2006 жылғы 1 қыркүйектегі N 158 (1138) "Заң газетінде" жарияланған) мынадай өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

4-тармақтағы "Б.Т. Әбдішевке" деген сөздер алынып тасталсын.

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген Кеден органының тауарларды жіктеу жөніндегі шешімін қабылдау ережесі және оның нысандарында:

11-тармақ мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Кеден органдарының тауарларды жіктеу жөніндегі шешімдердің бланктері қатаң есептілік бланктері болып табылады, оларда осы Ереженің 1-1-қосымшасына сәйкес кеден органының кодын қоса алғанда баспаханалық әдіспен жасалған есептік сериясы мен нөмірі болады";

13-тармақ мынадай мазмұндағы сөздермен толықтырылсын:

"Уәкілетті орган тауарды жіктеу жөніндегі шешімді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің басқа бөлімшелерінің сұрау салулары, сондай-ақ мемлекеттік органдардың сұрау салулары бойынша қабылдайды";

осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес 1-1-қосымшамен толықтырылсын.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитеті (Қ-К. Кәрбозов) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрық бірінші ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Министр*

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрлігінің  
2007 жылғы 27 желтоқсандағы  
N 486 бұйрығына қосымша  
Кеден органының тауарды жіктеу  
жөніндегі шешімін қабылдау  
ережесіне және оның нысанына  
1-1-қосымша

**Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасына сәйкес тауарларды жіктеу жөніндегі алдын ала шешім, кеден құнын айқындау жөніндегі алдын ала шешім, тауарларды жіктеу жөніндегі кеден органының шешімі бланктерінің сериялары**

N р/н	Кеден органдарының атауы	Бланктердің сериялары
1	Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитеті	К Z
2	Астана қаласы бойынша Кедендік бақылау департаменті	К Z А
3	Алматы қаласы бойынша Кедендік бақылау департаменті	К Z Б
4	Ақмола облысы бойынша Кедендік бақылау департаменті	К Z В
5	Алматы облысы бойынша Кедендік бақылау департаменті	К Z Г
6	Ақтөбе облысы бойынша Кедендік бақылау департаменті	К Z Д
7	Атырау облысы бойынша Кедендік бақылау департаменті	К Z Е
8	Шығыс Қазақстан облысы бойынша Кедендік бақылау департаменті	К Z Д
9	Жамбыл облысы бойынша Кедендік бақылау департаменті	К Z З
10	Батыс Қазақстан облысы бойынша Кедендік бақылау департаменті	К Z И
11	Қарағанды облысы бойынша Кедендік бақылау департаменті	К Z Л
12	Қызылорда облысы бойынша Кедендік бақылау департаменті	К Z М
13	Қостанай облысы бойынша Кедендік бақылау департаменті	К Z Н
14	Маңғыстау облысы бойынша Кедендік бақылау департаменті	К Z О
15	Павлодар облысы бойынша Кедендік бақылау департаменті	К Z П
16	Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Кедендік бақылау департаменті	К Z С
17	Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша Кедендік бақылау департаменті	К Z Т
18	"Байқоңыр" кедені	К Z У
19	"Достық" кедені	К Z X
20	"Астана-жаңа қала" кедені	КZЦ